

№138 жалпы білім беретін орта мектебі

Қосымша білім беру педагогтарының жылдық есебі

Орындаған: З.Оразмет Ж.Қарабала

2023-2024 оқу жылы

Қосымша білім беру педагогының 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ақылы үйірме жұмыстарының бағдарламаларын бекітуге ұсынылды. Дарынды оқушылар іріктеліп, үйірмеге тартылды. Білім беру ұйымдарында құрылған пікірсайыс клубының құрамы сайланып, бекітілді. «Ұшқыр ой алаңы» бойынша пікірсайыс клубына оқушылар жинақталды. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» мұғалімдер күніне орай мектебіміздің оқушыларымен мерекелік іс-шара өткізілді. Пікірсайыстың форматтары «АПФ, БПФ, ЛД, ПДФ форматтары бойынша дебаттар өткізілді. «Ел ертеңі білімді жастар» тақырыбында 9 сыныптар арасында сайыс сабақ өткізілді. Жалпы І тоқсан қорытындысы бойынша оқушылардың жетістіктері интернет желісіне (фейсбук) жарияланды.

Спорт түрлерінен (баскетбол, шахмат, волейбол) спорттық ойындар, командалық «ойындар, эстафета, достық кездесулер өткізілді. Спорттық үйірме бойынша оқушылар тізімі НОБД базасына енгізілді. Оқушылардың үйірмеге қатысымын, үйірме жетекшілерінің қатысуын қадағалау. Шахмат ойынынан мектепшілік жарыстар өткізілді. Оқушылардың ақылы үйірмеге қатысымы бақыланды. Үйірме жұмыстарының талапқа сай жүргізілуі қадағаланды. Дарынды балалармен жұмыс жоспарына сәйкес 8-сыныптар арасында «Ең үздік жыл оқырманы» анықтау мақсатында танымдық сағаты өтілді. Байқауға қатысушылар поэзия, проза жанрлары бойынша екі кезеңнен тұратын сайысқа түсіп жеңімпаздар анықталды. Үйірме жұмыстарының қатысымы журналдарының жүргізілуін тексерілді. «Деннің саулығы жанның саулығы» тақырыбы аясында педагог-психологтар Кеңес М, Асанова М оқушыларға вейптің зияны туралы тренинг өткізді. Тоғызқұмалақ ойынынан 5-6 сыныптар арасында мектепшілік ашық біріншілік өткізілді. 9-11 сынып оқушыларымен «Мамандықты таңдау-болашақты таңдау» тақырыбы аясында мамандықтармен таныстыру жұмыстары кәсіптік бағдар беруші Г. Дүйсенбековамен өтілді. «Шебер жігіттер» 5 сынып ұлдар арасында сайыс сабақ өткізілді. «Үздік жас маман-2024» тақырыбында жас мамандар арасында онкүндік өткізілді. Жас мамандарға қосымша білім беру педагогтары З. Оразмет, Ж. Қарабала «Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдер» атты коучинг сабағы өткізді. Жас мамандарға педогог-психолог Кеңес М психологиялық «Көңілді шеңбер» атты тренинг сабақ өткізді. Онкүндіктің жабылуында жас мамандар байқауы өткізілді.



OPPO A57s
2024/04/29 12:23



OPPO A57S
2024/04/29 12:23



Ү З Д І К Ж А С

М А М А Н 0 2 4



АННЕ САБАК

